

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ  
СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ  
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

**Хаттама**

**Ф 017– 1.62– 2022**

**31.10.2022 ж.**

**Бет 1 – 6**

**«ТЕАТР ӨНЕРІ» факультеті  
«Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасы**

**ХАТТАМА № 9/5**

*«29» сәуір 2023 ж.*

*Алматы*

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында «Театр өнері» факультетінің 2023 жылдың 26 сәуір бен 30 сәуір күндері өткен XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиадасына В027 – Театр өнері, 6B02192 – Актерлік өнер білім беру бағдарламасы, *актер шеберлігі* пәні бойынша

**Қатысқандар:**

**Комиссия төрағасы:**

**Мұқан Амангелді Оразбайұлы** – Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Театр өнері» бөлімінің менгерушісі, өнертану кандидаты, профессор.

**Комиссия мүшелері:**

**Кульсейтова Мадина Акбаралиевна** – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Театр өнері» факультетінің деканы, PhD доктор

**Кулбаев Аман Бекенұлы** – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Сахна пластикасы және дене тәрбиесі» кафедрасының профессоры, өнертану кандидаты

**Рахимов Әубакір Сыдықұлы** – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «актер шеберлігі және режиссура» кафедрасының профессоры

**Тұранқұлова Дағыға** – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «сахна тілі» кафедрасының профессоры

**Шамиев Ялқунжан Ахметович** – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «музыкалық театр» кафедрасының аға оқытушысы

**Алпысбаева Венера Нагметдұлаевна** – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «жеке ән салу» кафедрасының менгерушісі, аға оқытушысы

**Бекназар Лейло Ақназарқызы** – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университеті, «Драма театр актері және режиссура» кафедрасының ЖАК профессоры

**Жолдасов Еркебұлан Абдуллаұлы** – Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Мәдениет және спорт» факультеті, «өнер» кафедрасының аға оқытушысы

**Айтжанов Мақсат Айтжанұлы** – Қожа Ахмет Яссави атындағы Қазақ – түрік университеті, «спорт және өнер» факультетінің «корындаушылық өнер» кафедрасының аға оқытушысы

**Қабиева Айгуль Қабиқызы** – ҚР мәдениет қайраткері, Мұхаммет Хайдар Дулати

атындағы Тараз өнірлік университеті, «Мәдениет және өнер» кафедрасының менгерушісі, профессор

**Кафедра бойынша жауапты хатшы – Санкайбаева Райхан Кусманбековна «актер шеберлігі және режиссура» кафедрасының оқытушысы**

## **КҮН ТӘРТІБІ:**

**1.** ҚР жоғары оқу орындарының студенттері арасында базалық жоғары оқу орындарындағы XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиадасының қатысқан қойлымдарын талдау.

### **Сейлекендер:**

**Кульсейтова М.А.:** Құрметті комиссия мүшелері бүгінгі өткен XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың нәтижесін қорытындылау, номинациялар бойынша студенттерге орын беруді талқыласақ. Комиссия төрағасы Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Театр өнері бөлімінің менгерушісі, өнертану кандидаты, профессоры Амангелді Мұқан Оразбайұлы сез беріледі.

**Мұқан А.О.:** Құрметті комиссия мүшелері, «Актерлік өнер» білім беру бағдарламасы «драма театры және кино» бейіні бойынша қойылымдардан үзінділер тамашаладық, комиссия мүшелері өз таңдауларын, пікірлерін білдірең. Олимпиадаға Қазақ ұлттық өнер университеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақтүрік университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өнірлік университеті, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының 2, 3 курс «Актерлік өнер» мамандықтарының студенттері катысты. Көпшілік дауыспен 1 орын біреу, 2 орын екеу, 3 орын үшеу болсын. Кәсібиілік жағынан үздігі алсын деп отырмыз. 18 жұмыс көрсетілді, енді актер шеберлігі болған соң мамандар бірінші бастасын.

**Рахимов А.С.:** Режиссерлық жұмыстармен актерлық жұмыстардың талаптары ауысып кеткен сияқты, көптеген актерлық жұмыстарда режиссерлық шешім басым болып кеткен сияқты. Көбіnde педагогтардың жұмысы сияқты. Әрине олимпиадаға қатысқан соң педагогтың алдынан өту керек. Дей тұрғанмен таза педагогтардың жұмыстары бар, ол көрініп тұр. Оны айта кетуіміз керек. Өйткені келесі жыл қайталанбайтындей. Бірінші жұмыс Оралхан Бекей, Ардақ 3 курс «драма театры және кино артисі» Машурова Р.А. шеберханасы жалпы жұмыстың формасы мен балалардың жұмысы жақсы, бірақ мәтінге көзіл бөліп, ақыл айтудан аулақ қылып тәрбиелеу керек. Жұмыс таза, жинақы 12 минут регламентке сай. 2 курс «драма театры және кино артисі» Ақмолда Д.Д. шеберханасы «Шыны хайуанат» жұмысындағы балалар психологиялық үнсіздіктері, бағалау қатарлары жақсы, Олжас Сүлейменовтың аудармасында «лауки» деген сөзді қолданбаған. Авторлық стильді бұзуға алып келді.

Келесі жұмыс Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз өнірлік университеті, «Жылымық» драмасындағы балалар ізденбеген. Радио мәтін қолданыпты, бұл жұмыста шамадан артық қолданғаннан ақпараттық ғана хабар болып кеткен. Содан кейін соқырдың трагедиясын ойнауға болмайды. Соқырды ойнаған қыз трагедияның үстіне трагедия ойнамай, басқа да актерлік техникаларды қолдануына болар еді. Өте

жеңіл жолмен жүргенсіздер. Қыздың мені аямаңыз деген сөзі бар, бірақ өзі аяушылық шақырып жүр. Бұл ұстаздардың көңіл бөлетін жері. Бернарда Альба З курс «драма театры және кино артисі» Ахманов М.Н. шеберханасы. Бұл жұмыста ұстаздың жұмыс жасағаны көрініп тұр. Формасын тапқан, композициялық шешімін тапқан. Өзіндік жұмыс деп айтылсада, ұстаздың жұмысы байқалады. Бұл үзінді созылып кетті 18 минутқа. Келесі Астана, жалпы маған студенттері ұнады. Әйткені театрлар қазір талап қойып жатыр: герония, герой керек деп. Бұл жағынан балалар жақсы таңдалған. “Қаралы сұлу” басты рөлдегі Солтанбек Сараның ұнсіздікте, әректте жүргенде өмір сұруі, бағалау қатары, ойлану процестері жақсы, бірақ мәтін басталғанда барлығын жоғалтып алады. Келесі “Клеопатра мен Цезарь” жұмысында Русланқызы Баянның жесттері үйлесімді, бірақ тағы мәтінге келгенде ойы, әрекет арқауы үзіліп кетеді. 2 курс болған соң бұл кемшілік емес, болашакта көңіл аударатын мәселелер деп ойлаймын. “Жендертер” үзіндісіне біраз келіспеушілігім бар. Балалар күрделі материалды түсінбеген. Мольердің соңғы сағаты, өзінің трагедиясы басталды. Осы сәттерін түсінбеген. Ең болмағанда Булгаковтың “Жизнь Мольера” деген кітабын оқу керек еді, сонда көп дүниені түсінген болар еді. Ары қарай, “Сүйікті менің электрам” үзіндісіне тоқталсақ, формасында жаңа оқылу бар. Рөлге келгенде студенттер тағы көрінбей қалады, тілдерімен жұмыс жасау керек.

Ары қарай “Калигула” актер бір амал айлағана тапқан қылқындыра беру, басқада актерлік амал айлалар табу керек еді.

Ричард III келсек Леди Анна процессте өмір сүре алады, бағалау қатары өте жақсы, ал Ричард ұстірт, астарын түсініп жүрген жоқ, мәтінді құр айтып жүр. Балаларға театрдың эстетикасын, талғамын қалыптастыру керек. Қанжар деп семсерін көрсетіп жатыр мысалыға.

“Годоны күте— күте” басында еркін импровизацияға құрылған. Бірақ тақырыпты ашалмаған. Кімнен жақсылық күтеміз? Айқайға кетіп қалған. Айғайдан гөрі, ұнсіздіктің дауысы сол өтімдірек. Абсурд болғанымен, сахнадағы абсурт түсінікті ой болу керек. “Екі мырзаға бір қызметші” экспентрикаға құргансыздар соны толық ашпағандықтан мағнасынан айрылған. Кішкентай нюонстары мен ерекшеліктері табылмаған. Сөз бен қимылдың үйлесімі жоқ, акробатиканы келсін— келмесін орынданай берген. “Яссайи жолы” дін мен билік – тіршілік философиясы, суффизімнің жалғасы соның барлығын зерттеу керек, мәтіннің жетегінде кетпей. Бұл шығармада конфликт жоқ, конфликт жоқ жерде драматургия жоқ. Пьесаның барлығы плакатный мәтінге құрылған. “Шанель номер 5” тақырып өте өзекті, бірақ жұмыста қайталау көп. Басында бәрін кезек— кезек таныстырып шығады. Француженка келгенде қайтадан соған өздерін таныстырып шығады. Содан кейін үзінді немен аяқталды, не айтқысы келді соңында ашылмады.

“Үйлену” комедиялық әрекеттер жетіспейді, сөздің жетегінде кетіп жатыр, подтекст жоқ. Сөз туу керек. Сүйісіп бітті, одан кейін ойнаудың қажеті жоқ. Сонымен созбай бітіре салу керек еді. “Король лир” композициялық жұмыс, құрғақ мәтін, актерлық өсу, өзгеру жоқ. “Рабиганың махаббаты” актерлық ойын, қарым— қатынас бар! Бірақ Рабигада жаттанды қимыл— әректпен эмоциялар көп, содан аулак болуымыз керек. “Қасқыр ұлыған тұнде” актерлардың қарым— қатынас құруы, тілдерінің анық шығуы, сөзді қарым— қатынаспен айтып, таза жасалған жұмыс.

Бекназар Л.А.: бірінші жұмыс “Ардақ” З курста әңгімен инсценировка алғандарын түсінбедім. Материалды курсқа сәйкес алу керек. З қыз 1 қызды сомдады, шапанды ары тартты, юері тартты оның мағынасы не? Не үшін істеп жүр? Белгісіз!

Сосын ортасында ағылшын әні кетті де, сосын қазақтың әні кетті. З қыздың 1 адамды сомдап жатқанына шешім табу керек еді. Олар бірдей киінсе, образды ашады деген емес. “Шыны хайуанат” материалды алғанда ұлтын, психологиясын зерттеу керек. Сосын мезгілі, уақыты белгісіз! Мамасының міnez— құлқынудайдан қорқады, ешқашан даусын көтеріп сөйлемеген. Айқалап жөнеле кетті. Ал бұл жерде не педагогта не студентте түсінбеген. “Жылымық” көзі соқыр қызы, актриса рольға зерттеу жасамаған. Ол тек ойнады. Олар өте сезгіш болады. Қойылған мезансценаны ғана орындал жүргендері көрініп тұр. “Дом Бернарды Альбы” испандық темперамент, міnez құлық жок. Денелерін бос ұстамайды.

“Карло Гольдони” бұл комедия Дель– Арте. Жанрды зерттемеген. Экспиримент деп кейде жанрда жұмыс жасауды ұмытып бара жатыр студенттер. Стильді ұстану керек! Студенттерге де қызық болар еді. “Яссайи жолы” ештеңе айта алмаймын, бұл спектакль емес. “Шанель номер 5” жазған авторға айтарым Шанель дүхі 56– 60 жылдары шыққан, ал шығарма 1937 жылдары өтеді. Шанель деген духи болған жок, духи с деп шыққан. Ұстаздары да, драматургте аңғармаған. “Үйлену” саудагердің қызы ақсүйек болғысы келді. Ал бұл жұмыста ол түсініксіз. Шоқынудың өзін дұрыс зерттемеген. “Король Лир” ол алжыған адам. Себебі Англияны 3 ке бөлем дейді, картайған алжығандығын көрсетеді. Бұлар үзіндіні қою керек еді, бұл жерде 20 минутқа композиция істеді. Бұл жұмысты түсінбедік. “Рабиғаның маҳаббаты” ештеңе айта алмаймын. “Қасқыр ұлыған тұнде” таза жұмыс, бірақ инсценировка 3 курсқа сәйкес келмейді. Актерлық есу көрмедім. Журналист сүйкімді бпла, бірақ бастан аяқ құліп шықты. Айтарлықтай рөлдің есуін, кульминациясын көрмедім.

**Туранкулова Д.:** қыска да, нұсқа да айтуға тырысайын, біріншіден олимпиаданың жоғары деңгейде өтіп жатқанымен “театр өнері” факультетінің деканы Мадина Ақбаралиевнаға алғыс айтамын. Ардақ – актерлық өнер фальшсыз, таза жұмыс болды. Шыны хайуанатта педагог сөз әрекетіне құрыпты. Өте жақсы педагог өсіп келе жатқан сияқты. Бірақ студенттер көрерменге ойнап кетті. Жылымық драмасында, маған қызы ұнады, ең үздік әйел бейнесін беруді ұсынамын. “Бернарда Альбада” балаларда мектеп бар, бірақ өзіндік жұмыстарға көніл болу керек, Мұрат Ахманов дұрыс бағыт берген. Студенттері жаман болған жок. “Қаралы сұлуда” Қарагөзді ойнаған қызы басында жақсы өмір сүрді, бірақ табиғатын сұрауы өзгере бастағанда сәл асығып кетті, балаға әлі түсіне бермейді. Мектеп бар!

“Клеопатра мен Цезарь” маған ұнады, дегенмен екеуін бірін– бірі танитын кезінде әліде жұмыс жасау керек. 2 курс болған соң түсіністікпен қарауға болады. Жендеттерде маған сахна тілі жетпеді. Опора, дикция, сөз тууы, түсіністік жок. “Калигулла” бала образды ашпады. “Ричард III” ақ өлеңмен айтылған мәтінді түсінбеген. Сарказм тұрған мәтінде, айқалап кетті. Ол залым, ол қу! Астарын ашатын рөлді, ол үстірт көрсетті, монологы ашылған жок! “Годоны күте– күте” Әубәкірмен келісемін, айқай көп. Сахнаны көтереміз, темпті көтереміз деп мүлдем айқайлап кетті. “Яссайи жолы” тарихи қойылым, тазалыққа тартатын дүние болу керек еді, бірақ сендер комедиялық образ қылып жіберіпсіндер, сөзінде асықтырып, ойлы салмақты адамдардың жест, жестикульяциясы, мимкасы тез, жүгіртіп тастағансындар. Дін мен биліктің арасын әлі ашу керек, өзекті тақырып. “Шанель номер 5” шикі жұмыс, “Үйлену” Агафья өзінің кім екенін білмейді. Қабылдау жок. Ары қаоай ашып дұмыс жасау керек.

“Екі мырзага бір қызметші” комедиялық жұмыстарда тонкость жетіспейді, кішкене келіспейтін дүниелерді жасап кеткенсіздер! Профессионализм жетіспейді,

самодеятельность. Сіздерге көп педагогтарды шақырып, мастеркласс өткізу керексіздер! Король Лирді мұлдем ақымақ қылып жіберген. Король Лир сауатсыз қойвлған, әлі сіздерге ерте. “Рабиғаның махаббаты” бірінші жұмысы Шанель номер 5 те қарағанда ұнады. “Қасқыр ұлыған түнде” тіл таза, жұмыс таза, ойлау бар, бас аяғы түсінікті жұмыс. Ең қатты ұнаған жұмыс.

**Құлбаев А.Б.:** Студенттер терең ойланып үйрену керек, этикетті үйрену керек, саҳнада қыздың көйлегіне басын тығып алды, мәдениет жоқ. Шпага, фрагтың түр түрі бар. Мәдениетті, этикетті қалыптастырып студенттерді көркемдікке үйрету керек. Содан кейін кейіпкерсіндылық па әлде кейіпкер жандылық па? Дірілдеп, қалтырап кейбір отрывоктар ұқсап кетті. Одан біз өспейміз. Король Лирде тәжді жерге, тастадындар, отырдындар мұлдем этикет жоқ. Сөз бен әрекеттің басын ашып алу керек. Екеуін бірге алып жүруді үйрету керек.

Рахилямның, Мұраттың курсының жұмыстары ұнады.

**Шамиев Я.А.:** Балалар жылдан жылға өсіп жатыр, жаман емес. Ал басқа қаладан келген мұғалімдерге деңгейін өсіру керек. Ең қатты айтатын затым, егер студенттер жұмысты алалмаса, қын драматургиялық жұмыстарды алмау керек. Студенттің деңгейіне сай таңдалу керек. Театр тарихы, Батыс европа тарихына оқу кезеңіне аз уақыт беріледі еken. Сол білінеді. Осы сабактарды көбейтуді көтеру керек. Король Лир туралы айтсам, материалды білу, іздену жағы ақсайды. Көптеген кітаптар бар Шекспирдің жұмыстарын талдаған. Жұмысты жасау үшін білім керек.

**Мұқан Амангелді:** Студенттерге ұсынылған тосын жағдайда өмір сүру жетпей жатыр. Жетіспеушіліктер яғни асырвп беру, бойына шақ келмеседе беру деген мәселелер жатыр. Өзіндік жұмыс деп айтып жатырмыз, педагогтың жұмысы деп жатырмыз, бұл да бір шешу керек мәселе еken. Жалпы бүгінгі жұмыстарды көріп дайындықтың аздығын көріп отырмыз. Қарапайым саҳнага алып шыққан киімдерін алып жүре алмайды. Әр кезеңнің әр эпоханың өз костюмі бар, этикеті, жүріс тұрысы бар, пластикасы бар. Сондықтанда қортындылайық. 1 орынға кімдерді ұсвнасыздар?

**Туранкулова Д.:** Қасқыр ұлыған түнде. Басынан айттым. 2 орын “Цезарь мен Клеопатра”, 3 орын Бернарда Альбаның үйі”.

**Кульсейтова М.А.:** Қасқыр ұлыған түнді талдағанда барлығыңыз атап өттіңдер!

**Қабиева А.Қ.:** мен үшін де 1 орынға лайықты «Қасқыр ұлыған түнде» қойылымы, ансамбль өте жақсы.

**Рахимов А.С.:** Тазалық жағынан маған да «Қасқыр ұлыған түнде» жұмысы 1 орынға лайықты. “Шыны Хайуанат” үзінділерін ұснамын.

**Айтжанов М.Е.:** сөзсіз 1 орынға «Қасқыр ұлыған түнде», 3 орынға “Яссайи жолы” жұмыстары лайықты. Талас жоқ.

**Бекназар Л.А.:** 1 орынға сіздермен келісейін, бірақ 2 орынға “Қаралы Сулу” мен “Цезарь мен Клеопатра” ұснамын.

**Алпысбаева В.Н.:** «Қасқыр ұлыған түнде» 1 орын деп есептеймін, 2 орын «Цезарь мен Клеопатра», ал 3 орын «Яссайи жолы».

**Мұқан А.О.:** «Қасқыр ұлыған түнде» дауыстың жетуі, таза орындау, ішкі сезімді толтыру, 2 орын “ Қаралы сұлу” колективті жұмыс көрініп тұр.

**Кулбаев А.Б.:** 1 орын “Қасқыр ұлыған түнде”, 2 орын “Қаралы сұлу”, 3 орынға «Бернарда Альба» жұмыстарын қолдаймын.

## КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯ ШЕШІМІ:

1. ЖОО студенттері арасында өткізілген XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиадсына қатысқан студенттердің жұмыстарының бағалары конкурстық комиссия төрағасы және комиссия мүшелерінің шешімімен 2024 жылғы №9/5 хаттамасы шешімі бойынша төмендегідей жүлделі орындар тағайындауда:

**БББ 6В02192 Актерлік өнер *Актер шеберлігі* пәні бойынша (драмалық қойылымдар):**

**I орын**

**О.Бекей «Қасқыр ұдыған түнде» әңгімесінен инсценировкасы**

3 курс «драма театры және кино артисі» студенттері.

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қ.

**Ролдерде:**

Нұрлан – Ажибаев Мейірхан

Арай – Қалдыбай Аружан

Водитель – Сұлтан Байбол

Жолаушылар:

Келіншек – Мұратова Әсем

Жас жігіт – Төлегенов Төлес

Гүлназ – Тыныштықбаева Қарақат

Сәлима – Еркінбекқызы Ақерке

Пән жетекшісі: Машурова Р.А.

**II орын**

**Б. Шоу. Аударған: З. Сақиұлы «Цезарь мен Клеопатра» драмасынан үзінді**

2 курс «Драма театры және кино артисі» студенттері.

Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана қаласы

**Ролдерде:**

Цезарь – Серікқазыұлы Мерей

Клеопатра – Русланқызы Баян

Фтататита – Азимжанова Амина

Пән жетекшісі: аға оқытушы Карпсейтова А. Ж.

**III орын**

**М. Эуезов «Қаралы сұлу» Р. Мұқанова инсценировкасы**

2 курс «драма театры және кино артисі» студенттері.

Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана қаласы

**Ролдерде:**

Қарагөз – Солтанбек Сара

Көпшілік сахнада

Азимжанова Амина

Айдарханов Али

Акимбек Жантөре

Альмагамбетова Дильназ

Бағдатова Ақниет

Даuletбаев Алмаз

Досова Дильназ

Егінбек Назар  
Жұмабек Ұлар  
Курсанбаев Өмірбек  
Қасым Нұрбол  
Малгажинова Еңлік  
Мухаметжанова Аяжан  
Олжабай Ермакан  
Өсерхан Әмір  
Пазыл Мәди  
Русланқызы Баян  
Сейдулла Мөлдір  
Серікқазыұлы Мерей  
Сұнғатқызы Аймара  
Темірханұлы Әбубекір  
Пән жетекшісі: аға оқытушы Карпсеитова А. Ж.

### **III орын**

#### **Т.Уильямс «Шыны хайуанат» драмасынан үзінді**

2 курс «Драма театры және кино артисі» студенттері.

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қаласы

#### **Рөлдерде:**

Аманда – Бесспалина Сымбат

Том – Ержан Аманжол

Пән жетекшісі: ҚР халық артисі, оқытушы Ақмола Д.Д.

### **III орын**

#### **Жолтай Жұмат Әлмашұлы «Ясауи жолы» тарихи диалогиясынан үзінді**

3 курс «Актерлік өнер» студенттері

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ–түрік университеті, Түркістан қаласы

#### **Рөлдерде:**

Ясауи – Шенгелбай Нұрғани

Қанжан – Қанжігіт Ержігіт

Өсер – Темір – Өтеген Арман

Пән жетекшісі: ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы Айтжанов М.А.

### **III орын**

#### **Ф.Г. Лорка «Бернарда Альбаның үйі» трагедиясынан үзінді**

3 курс «Драма театры және кино артисі» студенттері

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы к.

#### **Рөлдерде:**

Бернарда Альба – Жұмабай Аружан

Понсия – Әділгерей Аружан

Ангустиас – Лечева Айя

Магдалена – Тоқтарқызы Таңырыс

Мартирио – Тураханова Алия

Амелия – Майдин Мадина

Адела – Онаева Айым

Пән оқытушысы: профессор Ахманов М.Н; оқытушы Санкайбаева Р.К.

**Номинация бойынша үздіктер**

**Үздік ер адам бейнесі** – Ажибаев Мейірхан, 3 курс драма театры және кино артисі,

Пән жетекшісі: Машурова Р.А.

Темірбек Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы Алматы қ.

**Үздік әйел адам бейнесі** – Русланқызы Баян, 2 курс драма театры және кино артисі, Пән жетекшісі: аға оқытушы Карпсейтова А.Ж.

Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана қ.

«Актер шеберлігі және режиссура»  
Кафедрасының менгерушісі м.а.

Кажнабиева Б.А.

Кафедра бойынша  
жауапты хатшы

Санкайбаева Р.К.